

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ



ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР

ЖЕТІТОМДЫҚ

1

ТОМ

Алматы, 2023

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5каз)
Қ 54

*Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті*

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған*

Ақтөбе облысының әкімдігі, Ақтөбе облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының тапсырысы бойынша шығарылды

**Жалпы редакциясын басқарған
К. Матыжанов**

Томның редакция алқасы:
Қасқабасов С., Әзібаева Б., Қыдыр Т., Ақан А., Әкімова Т.,
Әуесбаева П., Елесбай Н., Мүрсәлімова Н., Оралбек А., Рақыш Ж.,
Салтақова Ж., Сәрсек Н.

Қ 54 **Қобыланды батыр. Жетітомдық. 1-том** / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К., Қыдыр Т., Рақыш Ж. – Алматы: Smart University Press, 2023. – 547 бет.
ISBN 978-601-7498-01-6 (ортақ)
ISBN 978-601-7498-02-3 (1-том)

Жинақтың 1-томына «Қобыланды батыр» жырының қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі мәтіндері енді.

Мұқабада көрсетілген QR арқылы А. Әбдуәлі орындауындағы Марабай нұсқасы мен А. Садықов орындауындағы Н. Байғанин нұсқасының аудиожазбасын тыңдауға және жүктеп алуға болады.

Жинақ жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, жалпы оқырман қауымға арналған.

**ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5каз)**

ISBN 978-601-7498-01-6 (ортақ)
ISBN 978-601-7498-02-3 (1-том)

© М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2023



АЛҒЫСӨЗ

«Қобыланды батыр» – халықтың ел қорғау, ертедегі тайпа тәуелсіздігі үшін күресу тілегінен туған және осы жолда асқан ерлік жасаған қаһармандардың батырлық істерін жырлаған, әлемдік фольклорлық мұраның алтын қорына қосылған қазақ батырлар жырының озық үлгісі. «Қобыланды батыр» жыры да басқа жырлар секілді әр дәуірдегі ақын-жыраулар мен жыршылардың ауыздан-ауызға тарату үрдісінде өзінің қалыптасу, даму барысында өзгерістерге түсіп, кемелденіп, толыққан. Жырдың бас қаһарманы Қобыланды батыр өз отбасы, үзеңгілес, қарулас серіктеріне ғана емес, тұтас тайпасына адал қызмет етеді, жұртының жоғын жоқтап, солардың қамы үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасады. Оның тұлғасы қай жағынан алып қарасақ та, нағыз эпикалық батырларға тән сипатта сомдалған. Мысалы, алты жасында елден жырақ жатқан жылқышыларға келеді, Естеміс оны ерлікке баулиды, сосын тұлпар мініп, ту алып, қалыңдық іздеп шығады. Және ерлігін жұрттан асырып, батырлық жолмен үйленеді.

Қобыланды – кезінде Алтын орда мемлекетінің құрамында болған ноғай, қазақ, татар, башқұрт, қарақалпақ халықтары фольклорында айрықша суреттелетін даңқты батыр. Кейбір деректерде Қарақыпшақ Қобыланды – XV ғасырда өмір сүрген, Қазақ хандығының құрылуына себепкер болған тұлға, ол арғын Дайырқожа биді өлтіреді. Жәнібек сұлтан досының қазасына күйініп, «қанға қан» салтымен Қобыландыны қолына беруді талап еткенімен, Дешті-Қыпшақ ханы Әбілхайыр марқұмның құнын алып бітісуді талап етіп, Жәнібек сұлтанның меселін қайтарады. Содан кейін ханға өкпелеген Керей мен Жәнібек сұлтан өзіне қарасты ру-тайпаларды соңына ілестіріп, Талас, Шу өңіріне ауып кетеді.

«Қобыланды батыр» жырының үзінділері XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап баспа бетінде жариялана бастады. Эпосты алғаш Ы. Алтынсарин Марабай ақыннан жазып алып, 1860 жылы «Тайбурылдың шабысы» деген үзіндісін «Қырғыз хрестоматиясына» енгізген. Жырдың Марабай, Мергенбай, Б. Толымбайұлы, Н. Байғанин нұсқалары ең көлемді, толық, көркем нұсқаларының қатарына жатады.

Қазан төңкерісіне дейін В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ә. Бөкейхан, П.А. Фалев қатарлы зерттеушілер бұл эпостың қазақ руханиятындағы орнын ерекше бағалаған. Кеңестік кезеңде М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан, А.С. Орлов, В.М. Жирмунский, М. Ғабдуллин, Т. Сыдықов, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібаев, О. Нұрмағамбетова, М. Ғұмарова, Ш. Ыбыраев, Т. Қоңыратбаев т.б. ғалымдар арнайы зерттеу еңбектерін жазды. Қазақ фольклортануына арналған іргелі монографиялар мен ұжымдық

еңбектердің көпшілігінде «Қобланды батыр» жырына арналған тараулар бар. Жоғары оқу орындары мен орта мектептерге арнап жазылған оқулықтар мен хрестоматияларда жыр жөнінде толымды мәлімет берілді.

Халық арасында кеңінен танымал, оқиғасы қызықты, тілі көркем «Қобыланды батыр» жыры кеңестік кезеңде де, ел тәуелсіздігінен алғаннан кейін де сан мәрте басылым көріп келеді. «Қобланды батыр» жырының ғылыми басылымы 1975 жылы «КСРО халықтарының эпосы» сериясымен қазақ эпосының ең бір көркем туындысы ретінде Н.В. Кидайш-Покровская мен О. Нұрмағамбетованың құрастыруымен орыс және қазақ тілінде Мәскеуде жарық көрді. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясының 34-38 томдары «Қобыланды батыр» жырының нұсқаларына арналды. 2019 жылы онтомдық «Дала фольклорының антологиясының» 1-томында жырдың Қазан (1914) басылымы жарияланды.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында «Қобыланды батыр» жырының жиырма тоғыз нұсқасы жинақталған. Олар: Марабай, Мергенбай жырау, Біржан Толымбаев, Нүрпейіс Байғанин, Айсә Байтабынұлы, Мұрын жырау Сеңгірбеков, Көшелек Еламанов, Сүйіншәлі Жаңбыршыұлы, Дәулетше, Құлзақ Аманкелдіұлы, Шапай Қалмағамбетов, Айсә Байтабынов, Ержан Ешімов, Нүрсейіт Битілеуов, Ережеп Тілеумағамбетұлы, Сәдуақас Ділманов, т.б. жыршы, ақындар жырлап тартқан, жазылып алынған нұсқалар.

Нұсқалардағы кейіпкерлердің есімдері, іс-әрекеті, мотивтер тізбегі де ұқсас болып келеді. Мысалы, Тоқтарбайдың (кей нұсқада Қыдырбай) қартайған шағына дейін баласыз болуы; ата-анасының Құдайдан бала тілеп, дала кезуі; тілектерінің қабыл болуы; Қобыланды ержетіп, көрші елдегі қыз Құртқаға үйленуі; Құртқаның батырға торы тұлпарды күтіп өсіруі; жауды жеңіп, елін азат етуі, т.б. – көптеген жыр нұсқаларына ортақ мотивтер. Ал Сүйіншәлі Жаңбыршыұлы нұсқасы кей тұстарда тосын оқиғалармен байытылған. Мысалы, Қыдырбайдың әйелі Ақзарбаптың толғағы ауыр болып, оған Орақ, Мамайдың шешесі – Қараүлектің көмекке келуі; Қарасай батырдың Қараүлекке көмекші іздеп кетуі; Ақзарбаптың қырық тұлпардың дүбірінен шошынып босануы; Құртқаны қалмақтың ханы Қанабоз алмақ болып жатқанда, Көклән кемпірдің ер Ағысты ноғайлының батырлары: Айсаның ұлы Ахметке, Көкшенің ұлы Қосайға, Ақшабайұлы Төреханға, Жаманбайдың баласы Әуезге, Көрұғлының баласы Бозайға, Қобыландыға жұмсауы; Қыдырбайдың Қобыландыны жасырып қоюы; Көклән кемпірдің Қобыландыны өзі іздеп келуі; Сыпыра жырау бейнесі басқа нұсқаларда кездеспейді. Аталған жырдың сюжеттік құрылымында ғажайып туу, батырға лайық тұлпар, күші басым жау, Файып ерен, кәміл пір, ақылды жар т.б. тұрақты мотивтер ұшырайды. Сол сияқты жырда кейбір ертегілік сарындар да бар. Бұған Ахмет батырдың айдаһармен соғысатын тұсын, немесе Көклән кемпірдің Қобыландының еліне келгенде, біресе түлкі, енді бірде қыз кейпіне түсуі енуін т.б. мысалғадарды келтіруге болады. Бұған Ахмет батырдың айдаһармен соғысатын тұсы немесе Көклән кемпірдің Қобыландының еліне

келгенде, біресе түлкі, енді бірде қыз кейпіне енуі сияқты мысалдарды келтіруге болады. Жыршы «Қобыланды батыр» эпосының түпкі сюжетін сақтай отырып, жыр құрамындағы бірқатар оқиғалар мен жекелеген эпизодтарды кеңейте, түрлендіре жырлаған.

«Қобыланды батыр» эпосының ең толық нұсқаларын қарастырғанда, оның шежірелік тұтастануға да түскені аңғарылады. Мысалы, барлық дерлік нұсқаларда Қобыландының әкесі мен анасы бір баланың зарынан ел кезіп, әулие аралап ұлды болса, Дәнекеров нұсқасында Тоқтарбай болашақ әйелінің хабарын түс көру арқылы біліп, оның еліне көп қиындықпен жетеді. Болашақ қалыңдығына ерлік көрсетіп, жат жұртқа өзін мойындатып барып үйленеді. Сондай-ақ бір нұсқаларда Қобыландының баласы Бөкенбай да әкесімен қатар жауға шауып, асқан ерліктің үлгісін көрсетеді. Әкесін жау алдында масқара еткен Қарлығаны күшпен жеңіп, атқа өңгеріп әкеліп, әкесіне береді. Қобыландының Қарлығадан туған екінші ұлы Киікбайдың да ерлігі ешкімнен кем емес.

Түркі тілдес халықтардың эпостарында әке мен баланың соғыста қатар бой көрсетуі жиі кездеседі: «Алпамыстағы» – Жәдігер, «Көрұғлыдағы» – Әуезхан, Бозай, «Қырымның қырық батыры» жырындағы Естерек пен Тарғын, Орақ – Қарасай, Едіге – Нұрадин. «Қобыланды батырдың» Айсәуір Байтабынұлы жырлаған нұсқада бас кейіпкердің Бөкенбай, Киікбай атты ұлдары жайында жеке тарау бар. «Ел қорғаны болар ұл туса, атасының жолын қуса» дейтін халық аңсары ғұмырнамалық циклді жырларды дүниеге әкелген. Сүйіншәлі нұсқасында Қобыландының ұлы мен қызы Жетімтай мен Жетімек те ерекше жағдайда туып, ержетеді. Олар жаугершілік кезде дүниеге келеді, жаудың озбырлығымен жас сәбилерді айдалаға апарып тастайды; сәбилерді жабайы киіктің емізуі; Құртқаға ерендердің жәрдемі секілді мотивтер эпостық жырларда кездеседі («Алаша хан», «Шыңғыс хан», «Мұңлық – Зарлық», «Рүстем – Дастан» т.б.).

Эпоста кездесетін жер-су атауларының көпшілігін қазіргі Қазақстан картасынан табуға болады. Әсіресе, Қазақстанның батыс өңірлерінде, Ақтөбе жерінде батырдың есіміне тікелей қатысты бірнеше топонимдер және тарихи-мәдени нысандар сақталған.

Жетітомдық жинақта «Қобыланды батыр» жырының барлық нұсқалары қамтылды. Алғашқы томына «Қобыланды батыр» жырының қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі мәтіндері енді. «Қобыланды батыр» жырының бұрын жарияланбаған Дәулетше нұсқасы, Дәкен Шалабеков, Әбілқайыр Дәнекеров жинаған нұсқалары мен жыршысы, жинаушысы белгісіз «Ноғайлы Қарақыпшақ Қобыланды батыр» жыр нұсқалары осы жетітомдық жинаққа алғаш рет енгізіліп, ғылыми айналымға түсті.

«Қобыланды батыр» жырының Марабай нұсқасын белгілі өнер қайраткері Ақан Әбдуәлі және Нұрпейіс Байғанин нұсқасын жыршы-термеші Аманқос Садықов жырлады, оның аудиожазбасын мұқабада көрсетілген QR арқылы тыңдауға және жүктеп алуға болады.



МАЗМҰНЫ

Алғысөз 3

МӘТІНДЕР

Қобыланды батыр 8

Кобланды батыр 272

Koblandy batyr 410

ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР

Түсініктер 540

Есімдер көрсеткіші 541

Жер-су атаулары 543

Сөздік 544

Пайдаланылған әдебиеттер 545



Әдеби басылым

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР

ЖЕТТОМДЫҚ

1

ТОМ

Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:

К. Матыжанов

Т. Қыдыр

Ж. Рақыш

Компьютерде беттеген *Ғ. Калиева*

Мұқабасын безендірген *Ә. Бақытжан*

ИБ №57

Басуға 04.12.2023 жылы қол қойылды. Пішімі 70x100 1/16.

Көлемі 34,2 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым.

Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

«Smart University Press» баспа үйі.

050040, Алматы қ., Кенесары хан көшесі, 54/43.

«Smart University Press» баспа үйі баспаханасында басылды.